

■ Алаштың арыс ұлдары

■ Алаштың арыс ұлдары

Қазақ зиялыларының қудалануы



XX ғасырдың 40 жылдарынан кейінгі, мәдениет және қоғам қайраткерлерінің өкілдерін саяси қудалаудың жалғасуы, Сталиннен кейінгі кезеңді қамтыған болатын. Жазықсыз жапа шекендер арасынан ішінара ақтап алудың жолын іздеген аға буын өкілдеріміздің жасаған ерліктерін атап өткім келді. XX ғасырдың 40 жылдарынан кейінгі уақытта, ұлт зиялыларын қудалаудың жаңа толықыны басталғаны белгілі болды. Орталықта болып жатқан кез келген науқан ұлттық республикада әлде қайда соны серпінмен қайталанып отырды.

1946 жылы БК(б)П Орталық Комитетінің «Звезда», «Ленинград» журналдары туралы қаулылары шығып, бірқатар көркем өнер қайраткерлерінің соқ-

қыға ұшырауы Қазақстандағы ұлт зиялыларын қудалаудың жаңа толқынына жол ашқан болатын. Республиканың партия комитеттері өз жұмыстарын БК(б)П Орталық Комитетінің аталған қаулыларының бағытында ғана жүргізілетін болды. Бұл шаралар адамдарды тағы да өз араларынан «жау» іздеуге итермелеген. Әдебиет, өнер және ғылым, қоғам қайраткерлеріне негізсіз саяси айыптар тағу тағыда басталды.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің 1947 жылы шыққан «Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателер туралы» қаулысымен қазақ халқының Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі, әсіресе XX ғасыр басындағы рухани мұрасын ғылыми зерттеуге шек қойылды. «Біз әрбір ұлттық мәдениеттен оның демократиялық және социалистік элементтерін аламыз және де, біз буржуазиялық ұлтшылдыққа қарсы пайдаланамыз», - деген В.И.Лениннің сынаржақ қағидасын бетке ұстаған бұл қаулы өткеннің рухани мұраларын тас-талқан етіп, оның ең мәнді, сүбелі дегендерін қоқысқа лақтырып тастауға жол ашып берген болатын. Өткен ғасырларда жасалған мәдениет туындыларын ғылыми тұрғыдан байытуға, жаңа заманға сай өңдеп, қайта пайдалануға ұмтылыстың бәрі саяси қателік және ұлтшылдық сипаттағы бұрмалаулар деп жарияланды.

Осы саяси бұрмалаушылықтың арты әдеттегідей даурықпа айқайға, қазақ зиялылары арасынан «ұлтшылдар» мен «байшылдарды» іздеу науқанына ұласқан болатын. Ғылыми мекемелерде, жоғарғы оқу-орындар мен институттарда, әдебиетшілер мен өнер адамдарының арасында қайтадан 1930 жылдары қайталанған саяси қудалаулар басталды. Зиялы қауым өкілдері арасында күдік өршіді, әрбір азаматтың бойында үрей биледі.

Мәскеуде «Дәрігерлер ісі», Ленинградта «Ленинград ісі» деп аталған саяси қудалау мен күйрету шаралары жүріп жатқан кезде, Қазақстанда «Бекмаханов ісі» қолға алынды. Дарынды тарихшы, ғалым Ермұхан Бекмаханов - 1943 жылы Алматыда жарық көрген «Қазақ КСР тарихы» атты көлемді еңбектің негізгі авторларының бірі. Тарих - шығын аталған кітаптағы Кеңесары Қасымұлының қазақ даласында ұйымдастырған ұлт азаттық қозғалысы КСРО Ғылым академиясында қорғаған докторлық диссертациясы негізінде жазылып, «XIX ғасырдың 1820-1840 жылдарындағы Қазақстан» деген атпен жарияланған монографиясы сынға алынған болатын.

Сынаушылар тарапынан Ермұхан Бекмахановтың еңбектерін орысқа қарсы жазылған және онда Ресейге қарсы ұлттық көтерілістер дәріптелген деп айтылды. Авторға Кеңесары Қасымұлы бастаған қозғалысты ақтау тұрғысынан көрсеткен буржуазиялық-ұлтшыл идеологияны дәріптеді деген айыптар тағылды. 1950 жылдың желтоқсанында «Правда» газетінде «Қазақстан тарихи мәселелерін марксист-лениндік тұрғыдан баяндайық» деген мақаланы жариялауы Е.Бекмахановты ресми түрде саяси айыптаудың басы болды. 1951 жылы сәуірде Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті осы мақалаға байланысты қаулы қабылдап, оны дұрыс деп бағалап, автордың «буржуазиялық-ұлтшылдық көзқарастарын» айыптады. Онда: «...айыпталушы Бекмаханов өзінің тарих ғылымы саласындағы ғылыми қызметкер жағдайын пайдаланып 1942-1951 жылдардың өне бойында өз жұмыстарында тарихи фактілерді өңін айналдырып бұрмалаған, сөйлеген сөздерінде буржуазиялық-ұлтшылдық идеологияны насихаттаған, феодалдық-байлық құрылыс пен оның орыс халқына қарсы күресуші нәм Қазақстанда орта ғасырлық тәртіптерді сақтап қалуға ұмтылушы кертартпа хандары мен сұлтандарын мадақтаған. Ол өзінің буржуазиялық-ұлтшылдық көзқарастарын негіздеу үшін кертартпа ақындардың, сондай-ақ Кеңес өкіметіне қарсы күрескен халық жаулары - алашордашылардың

шығармаларын пайдаланды. Нақ осы ұлтшылдық идеологияны таныстарының арасында да жүргізді», - деп жазылып, сот тергеуі осыларды анықтағанын және айыпталушы Бекмахановтың мойнына қойылғанын айтады.

Жоғарыдағы айыптау негізінде 1952 жылы 2 желтоқсан күні Қазақ КСР Жоғарғы Сотының Қылмысты істер жөніндегі коллегиясының үкімімен Е. Бекмаханов 25 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылып, ГУЛАГ-тың алыстағы лагерінің біріне айдалды. Ол кісінің лагерден тиісті органдарға жазған көптеген арыздарының нәтижесінде, академик, қоғам қайраткері Анна Михайловна Панкратова сияқты қайырымды адамдардың көмегінің арқасында Берия атылғаннан кейін Е. Бекмахановтың ісі қайта қаралып, 1954 жылы 16 ақпанда оның ісі жабылып, өзі ақталып шықты. ГУЛАГ-тың лагеріндегі адам төзгісіз азалты күндерді басынан кешкеніне қарамастан, қайсар ғалым, артына халықтың игілігіне айналған мол ғылыми мұраларын қалдырды. Өзі ұсталып кеткенге дейін бастап қойған «Қазақстанның Ресейге қосылуы» атты еңбегін аяқтау ісімен айналысты.

Бұл еңбегі А.М.Панкратованың баға жетпес көмегінің арқасында Мәскеудегі «Наука» баспасынан 30 баспа табақ көлемінде 1957 жылы жарық көрді. Е.Бекмаханов өзінің жемісті еңбегіне сай ғылым мен қоғамдағы орнын қайтадан алды. Оған университеттегі өзі ұйымдастырған кафедрасы қайтарылып берілді. 1964 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының мүшелігіне сайланды. Өмірінің соңғы он жылында өнімді еңбек етіп, терең мазмұнды ғылыми шығармалар жазды, орта мектептер үшін Қазақ КСР тарихының оқулығын жазды. Бірнеше жас ғалымдарды даярлауда ат салысты. Шәкірттері бүгінде Республика Ғылым академиясының мүшесі, ғылым докторы, профессор дәрежелеріне жетіп, ұстаздарының ғылыми өмірін жалғастырады.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Е. Бекмахановтың басты еңбегі — «XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» ақталып, орыс және қазақ тілдеріндегі нұсқалары «Қазақ университеті» (қазіргі «Санат») баспасынан жарық көрді. Ермұхан Бекмаханов жөнінде Халық қаһарманы, академик Шапық Шекін былайша еске алған: «Ұлтымыздың аса көрнекті тарихшысы Ермұхан Бекмаханов уақыт бедеріне бағынбаған, шынышыл ғалым болатын. Ол докторлығын екі рет қорғады. Еңбегінің нашарлығынан емес, кеңестік өкіметтің тыйым салынғаны еңбегін Кеңесары Қасымұлы тақырыбына жазылғандықтан. 1947 жылы Қазан төңкерісінің 30 жылдығына байланысты Одақтық Академия бойынша үлкен салтанатты кеңес өтуі керек болатын. КСРО ғылым академиясының басшысы Вавилов Сәтбаевқа телефон соғып, Қазақстан тарапынан баяндама жасайтын адамды айтуды сұрайды. Қаныш Бекмахановты ұсынады. Жиналыста қағазсыз сөйлеген жас баяндамашыға ғалымдар таң-тамаша болады». Қазақ КСР Жоғарғы Сотының қылмысты істер жөніндегі коллегиясының үкімімен Е.Бекмаханов 25 жыл мерзімге бас бостандығынан айрылып, алыс лагерлердің біріне айдалған болатын. Мәскеу мен Ленинградтағы кейбір ірі ғалымдардың араласуымен Е.Бекмаханов 1954 жылы ақталып шықты.

1940 және 1950 жылдардың бас кезінде әділетсіз саяси айыптауға ұшырамаған қазақ зиялылар сол уақытта кемде-кем болды. Сол зиялы қауым өкілдері қатарында болған: республикаға танымал белгілі қоғамтанушы ғалымдар, жазушылар, ақындар, мәдениет қайраткерлері-А.Жұбанов, Қ.Жұмағалиев, Б.Сүлейменов, Е.Ысмайлов, І.Кеңесбаев, С.Мұқанов және тағыда басқа адамдар болды. Ірі ғалым, тарихшы, зерттеуші Әлекей Марғұланның жазған шығармалары және қазақ халқына арнап жазған еңбектері ғылымға жат деп танылды.

Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті қызметін атқарған Қаныш Имантайұлы Сәтбаев, дарынды жазушы Ю.Домбровский Қазақстанды тастап кетуіне мәжбүр болды. Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезовке де өз ата жұртының жерінен тыс жерден баспана іздеуіне тура келді. Бұдан да басқа ғылымның түрлі салалары: Биология, медицина және геология ғылымдары салаларында жемісті еңбек етіп жүрген көптеген ғалымдарға «космополит» деген айыптар тағылды.

Олардың кейбіреулері республикамыздың ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғарғы оқу орындарын тастап кетті.

Сол уақытта қоғамда орын алып жатқан құбылыстарға қатысты өзіндік пікір айтып, өзгеше ойлағаны үшін қудаланғандар басшылықтың орта және төменгі буындары арасынан да, қарапайым зиялы қауым өкілдері мен мұғалімдер, оқытушылар, заңгерлер, дәрігерлер арасында да азаматтарымыз молынан кездесті. Ендігі уақытта қоғамның даму барысындағы келеңсіз құбылыстарды шұқып көрсетушілерді, өзінше ойлайтындарды бұрынғысынша ашық түрде жазалауға болмайтын еді. 1950 жылдардан бастап жазалау әдістері бір шама өзгертілді: бұл кезде партия қатарынан шығарып, қызметтен қуу, оған бой бермей кеткендерді, жындыханаларға тығу етек ала бастаған болатын. КСРО денсаулық сақтау министрлігінің сол уақыттағы келтірген мәліметтеріне сәйкес, 90 мыңнан астам «өзгеше ойлайтын» кеңес азаматтары жазаға тартылған. Сталиннің жеке басына табынушылықты айыптаған КОКП-ның XX съезінен кейін ғана еліміздегі бірқатар мемлекет және қоғам қайраткерлері С.Асфендияров, О.Жандосов, О.Исаев, Л.И.Мирзоян, С.Мендешев, М.Масанчи, Н.Нұрмақов, А.Розыбакиев, С.Сейфуллин және басқада ақын-жазушылар мен алаш қоғам қайраткерлерінің есімдері ақталды.

КОКП-ның XX съезі қашан өткенін, сол жиналыстағы қаралған мәселелерді, Н.С.Хрущевтің жасаған баяндамасынан оқып көруімізге болады. Сталин өмірден өткеннен кейінгі уақытта болған кезеңде, социалистік қоғамның қайшылықтары, олардың мәні, тарихтағы жеке адам және халық бұқарасының орны социализмді құрудағы теория мен тәжірибенің ара қатынасы сияқты іргелі мәселелерді талқылауға жол ашылып, баспа сөзге пікір-талас орын алды. Өткенге сын көзбен қарау, қоғамды алаңдатып отырған күрделі мәселелерге жауап іздеу партияның ірі жиындарында мінбеге шығып сөз сөйлеген кейбір шешендердің де лебіздерінен көрініс тауып жүрді. Бұл қоғамда ауқымды өзгерістер жасау қажеттілігінен туындаған заңды құбылыс еді. Дегенмен мығым басқару аппаратының кері тартпалығынан бұл алға ұмтылыстар кең қанат жайып кете алмады.

Сол уақыттың өзінде миллиондаған азаматтардың құқығын аяққа таптап, жазықсыз жандарды қанын төккен саяси қайраткерлердің көпшілігі әлі билік басында отырып, еліміздің азаттығын аңсаған азаматтарымызды ақтап алуға кедергі жасап отырды. Өзінің саяси құқығының құрбаны болғандарды ақтау тиянақты жүргізілмеді. Билік иелері бастаған демократиялық үрдістерді аяғынан дейін жеткізбей, үзіп тастап отырды. Бірқатар адам лагерлерден босатылып, ақталғанымен, әлі де жүздеген мың адамдар темір тордың арғы жағында қамалып, қараңғы қапаста қала берді. Соғыстан кейінгі онжылдықтарда әкімшіл-әміршіл басқару жүйесінің дара билігі орнап, өктемдігі күшейе түсті. Компартия мемлекеттік билікті және басқару органдарын түгел уысына ұстады. Кеңестер өз жұмысын партияның тікелей нұсқауымен жүргізіп отырды.

Осы өткен жылдардың қайғысы мен қасіретін көрген азаматтарымызды толық ақтау еліміздің алдында тұрған үлкен міндет. Қазан төңкерісі, азамат соғысының себептері мен салдары, ұжымдастыру кезіндегі жаппай қырғын сияқты тарихи құбылыстарға сынаржақ баға беру мен шындықты ашып көрсету жолдары және саяси бұрмалаушылықтар өз жалғасын таба берді. Сталиннен кейін билікке келгендер өз жерінен жазықсыз қуылған шешен, ингуш, қалмақ, басқаларды отанына қайтарғаны мен, корейлердің, немістердің қырым татарларының, месхет түріктерінің құқықтарын қалпына келтіруден бас тартты. Кеңестік саясаттың қудалауына



ұшыраған, елімізге өзінің мол мұрасын қалдырып, қазақ әдебиеті мен тарихына өшпестей із қалдырған зиялы қауым өкілдерінің еңбектерін зерттеу, біз үшін ең басты өшпестей тарихи құндылық деп санаймын.

Рахымжан АБИШЕВ, М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары